

## **Семей машина жасау зауытында доңғалақты тракторлар өндірісін ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 маусым 1994 ж. N 656

Семей машина жасау зауытында доңғалақты тракторлар өндірісін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі мен "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясының 1994-1997 жылдары "Джон Дир" (ГФР) фирмасымен бірлесе отырып, Семей машина жасау зауытының базасында қуаты жылына 10 мың дана трактор шығаратын доңғалақты тракторлар өндірісін құру бастамашылығы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі мен "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясы екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен, сондай-ақ басқа да мүдделі ведомстволармен келісе отырып, доңғалақты тракторлар өндірісінің техникалық-экономикалық негіздемесі мен оны ұйымдастыру бағдарламасын әзірлесін.

3. "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясы 1994 жылы жобалау алдындағы шаралар мен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге 6,2 млн. теңге көлемінде қаражат іздестіретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі бір ай мерзім ішінде Шетел кредиттері жөніндегі комиссияға доңғалақты тракторлар өндірісін құруға бөлінетін валюта кредитін өтеу тетігі мен схемасы туралы ұсыныс тапсырсын.

5. Тұранбанк доңғалақты тракторлар өндірісінің жобасын қаржыландыру туралы Жеке кредит келісімін жасассын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Семей машина жасау зауытына несие бергені үшін 15 проценттік авансты, кредит бойынша сақтандыру жарналары мен қызмет көрсетуші банктердің комиссияларын және жабдықтарды жеткізу мен монтаждау кезеңіндегі проценттерді төлеу үшін Семей облысы әкімінің алынған соманы үш ай мерзім ішінде қайтару кепілдігіне 20 млн. АҚШ долларын қарастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі белгіленген тәртіппен Семей машина жасау зауытына доңғалақты тракторлар өндірісінің ұйымдастырылуына байланысты өнім экспортына лицензиялар берілуін қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі доңғалақты тракторлар шығаратын құрылып жатқан қуаттарды қаржыландыру үшін ауыл

шаруашылығының өнімдерін өндіруші-шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражатын тарту мүмкіндігін қарастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК